

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасының

Әділет вице-министрі

А.Е. Ахметова 

2022 ж. 3 қыркүйек

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрінің

орынбасары

Е.Б. Қоныспаев 

2022 ж. 3 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ШАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ЖАСАСУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР
(Әдістемелік ұсынымдар)

Астана
2022

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын әзірлеу мен жасасу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

Мазмұны

I бөлім. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттар жобалары.....	3
1-тарау. Ағымдағы және перспективалық жоспарларына енгізу	3
2-тарау. МО-мен халықаралық шарттың мәтінін келісу рәсімі.....	5
3-тарау. Халықаралық шарттарға қол қою тілдері.....	7
4-тарау. Халықаралық шартқа қол қою туралы қаулы мен Жарлықтың жобаларын әзірлеу	8
5-тарау. Халықаралық шарттарды уақытша қолдану	11
6-тарау. Халықаралық шарттардың күшіне енуі.....	12
7-тарау. Халықаралық шарттардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу	13
7.1. Ратификациялау	13
7.2. Бекіту	13
7.3. Халықаралық шарттарға қосылу	14
8-тарау. Көпжақты халықаралық шарттарға ескертпелер	15
9-тарау. Халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату	15
10-тарау. ҚР халықаралық шарттарының орындалуы	16
11-тарау. ҚР халықаралық шарттарын жариялау, тіркеу, есепке алу және сақтау	16
II бөлім. Халықаралық шарттың мәтінін әзірлеу бойынша ұсынымдар	17
1-тарау. Халықаралық шарттардың түрлері	17
2-тарау. Халықаралық шарттың атауы, нысаны және құрылымы	17
3-тарау. Халықаралық шарттың атауы	18
4-тарау. Халықаралық шарттың кіріспесі.....	18
5-тарау. Тараптардың атауларын халықаралық шартта қолдану	19
6-тарау. Халықаралық шарттың негізгі мәтіні	20
7-тарау. Терминдердің анықтамасы	20
8-тарау. Қорытынды ережелер	21

9-тарау. Халықаралық шарттардың қорытынды ережелерінің үлгілік тұжырымдары.....	23
9.1. Күшіне ену тәртібі туралы тұжырымдар	23
9.2. Өзгерістер енгізу тәртібі туралы тұжырымдар	24
9.3. Қолданылуын тоқтатудың мерзімдері мен тәртібі туралы тұжырымдар	24
9.4. Қол қою бөлігінің тұжырымдары.....	25
10-тарау. Ноталар немесе хаттар алмасу нысанында жасалатын халықаралық шарттар	25
11-тарау. Қол қою үшін халықаралық шарттардың мәтіндерін ресімдеу....	26
12-тарау. Халықаралық шарттарға қол қою	28
13-тарау. Халықаралық шарттар болып табылмайтын халықаралық құжаттар.....	29
III бөлім. Еуразиялық экономикалық одақ, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде үшінші мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен немесе халықаралық интеграциялық бірлестіктермен жасалатын халықаралық шарттардың жобалары	30
1-тарау. Жалпы ережелер	30
2-тарау. Заң техникасы	30
3-тарау. Тілдік және терминологиялық талаптар	31
4-тарау. Органдар мен ұйымдардың атауларын пайдалану.....	32
5-тарау. Сілтемелерді қолдану	32
Қосымша.....	34
Халықаралық шарттарға қол қою туралы қаулылар мен жарлықтар жобаларының қойылым бөліктерінің мысалдары.....	34
Әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылған нормативтік құқықтық және өзге де актілердің тізімі.	44
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын әзірлеу мен жасасу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың авторлары туралы мәліметтер.	46

I бөлім. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттар жобалары

1-тарау. Ағымдағы және перспективалық жоспарларына енгізу

Халықаралық шарттардың жобаларын жасасудың немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық *шарттарға* (бұдан әрі – *халықаралық шарт*) қосылудың орындылығы мен уақтылығын өз құзыретіне халықаралық шартта реттелетін мәселелер кіретін әзірлеуші орталық мемлекеттік орган (бұдан әрі – МО), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) және басқа да мүдделі органдар бағалайды.

Халықаралық шартты жасасудың немесе оған қосылудың орындылығы мен уақтылығын бағалау жоспарлау сатысында айқындалады және атап айтқанда, мынадай мән-жайларға негізделеді:

халықаралық шарт жасасу жолымен реттеуді талап ететін нақты проблемалық мәселелердің болуы;

катынастардың тиісті саласы ҚР-дің қолданыстағы халықаралық шарттарымен жеткілікті дәрежеде реттелмеген;

әлеуетті қарсы әріптес тарапынан халықаралық шарт жасасуға мүдделілік білдіру.

Халықаралық шарттың түрін айқындауды, халықаралық шарт жобасының мәтінін дайындауды (атауы, нысаны мен құрылымы, халықаралық шарттың кіріспесі, терминдерді айқындау, халықаралық шартта тараптардың атауларын пайдалану, халықаралық шарттардың қорытынды ережелерінің үлгілік тұжырымдары) қамтитын халықаралық шарттың мәтінін әзірлеу жөніндегі ұсынымдар осы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын әзірлеу мен жасасу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың II бөлімінде көзделген (бұдан әрі – *әдістемелік ұсынымдар*).

Халықаралық шарт жасасудың немесе оған қосылудың салалық орындылығы белгіленген жағдайда МО СІМ-ге халықаралық шарт жасасу тұжырымдамасын (бұдан әрі – *тұжырымдама*) енгізу арқылы оны ҚР халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы немесе перспективалық жоспарына енгізуге бастамашылық етеді («Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» ҚР Заңының 2-1 және 2-2-баптары, бұдан әрі – *Заң*).

Тұжырымдама ҚР Сыртқы істер министрінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 08-1-1-1/70 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысының қолы қойылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленеді және СІМ-ге енгізіледі.

МО жыл сайын 25 қыркүйектен кешіктірмей СІМ-ге жобаларға тиісінше ағымдағы немесе перспективалық жоспарларды енгізу үшін келесі күнтізбелік жылда не одан кейінгі үш жылда жасалуы болжанатын халықаралық шарттар бойынша тұжырымдамаларды енгізеді (*Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық*

жоспарларын әзірлеу қағидаларының 4-тармағы, бұдан әрі – жоспарларды әзірлеу қағидалары)¹.

СІМ 25 қазанға дейін МО ұсынған тұжырымдамаларды қарайды және халықаралық шарттар жасасудың сыртқы саяси орындылығы туралы қорытынды береді.

Халықаралық шарт жасасудың сыртқы саяси орындылығы айқындалған жағдайда, СІМ оны халықаралық шарттар жасасудың ағымдағы немесе перспективалық жоспарларына енгізу туралы мәселені ҚР халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысының қарауына шығарады.

Жоспарлардың жобалары жыл сайын 10 қарашадан кешіктірілмей Комиссияның қарауына шығарылады (*жоспарларды әзірлеу ережесінің 12-тармағы*).

Жоспарлардың жобалары комиссия туралы ережеде² және жоспарларды әзірлеу қағидаларында көзделген тәртіппен Комиссия шешімімен мақұлданады.

Комиссия мақұлдаған халықаралық шарттардың ағымдағы және перспективалық жоспарлары 25 қарашадан кешіктірілмей ҚР Президентіне келісуге жіберіледі (*жоспарларды әзірлеу қағидаларының 14-тармағы*).

Бұдан әрі ҚР Президентімен келісілген жоспарлар он жұмыс күні ішінде ҚР Парламентіне жіберіледі (*жоспарларды әзірлеу қағидаларының 14 және 15-тармақтары*).

Келісілген жоспарларға өзгерістер:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша Комиссияның шешімі негізінде енгізіледі.

МО келісілген ағымдағы жоспарда көзделмеген халықаралық шартты жасасу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына бастамашылық жасағанға дейін, аталған МО СІМ-ге келісілген ағымдағы жоспарға өзгеріс енгізу шұғылдығының негіздемесін және тиісті тұжырымдаманы алдын ала жібереді.

СІМ ұсынылған негіздеме мен тұжырымдаманы қарап, оларды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде халықаралық шарт жасасудың сыртқы саяси орындылығы туралы қорытынды береді.

МО тиісті өтінішті ҚР Президентіне жіберген кезде СІМ-нің халықаралық шартты жасасудың сыртқы саяси орындылығы туралы қорытындысын қоса береді. (*жоспарларды әзірлеу қағидаларының 16-тармағы*).

Жыл бойы жоспарларға өзгерістер енгізу мақсатында Комиссияның кезектен тыс отырыстары өткізілетіндігін айта кеткен жөн.

¹ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларын әзірлеу қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1082 қаулысымен бекітілген).

² Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 436 қаулысымен бекітілген).

2-тарау. МО-мен халықаралық шарттың мәтінін келісу рәсімі

МО ағымдағы немесе перспективалық жоспарларына енгізілгеннен кейін халықаралық шарттың жобасын олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібереді.

Бұл ретте халықаралық шарт жобасын дайындау кезінде ҚР қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ қазақстандық халықаралық шарттық практиканы басшылыққа алу қажет.

Мысал ретінде халықаралық шарттар бюллетенінде, «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған нақты салада қолданылатын халықаралық шарттарды, сондай-ақ МО-ның интернет-сайттарында орналастырылған халықаралық шарттарды пайдалану қадала ұсынылады.

Халықаралық шарттардың барлық жобалары бойынша мемлекеттік органдардан ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Әділет министрлігі және СІМ (*бұдан әрі тиісінше – Қаржымині, ҰЭМ және Әділетмині*) міндетті түрде келісуі қажет.

Қаржымині мен ҰЭМ-ді қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін халықаралық шарттың жобасы міндетті заң сараптамасын жүргізу үшін Әділетминіне жіберіледі (*Заңның 3-бабы*).

Әділетмині халықаралық шарттар жобалары ережелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі туралы қорытынды береді және Қазақстан Республикасының өзі үшін халықаралық шарттың міндетті екендігіне келісім білдіру тәсілін айқындайды (*Заңның 3-бабы*).

ҚР-ның өзі үшін халықаралық шарттың міндеттілігіне келісім білдіру тәсілін Әділетмині жобаны келісу сатысында айқындайды және ол МО-ға заң сараптамасының нәтижелерімен бір мезгілде жеткізіледі.

МАҢЫЗДЫ!!! Әділетмині мүдделі МО-ның келісу материалдары болмаған кезде халықаралық шарттардың жобаларын қарамайды.

Халықаралық шарттар Әділетминімен келісілгеннен кейін олар халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелеріне сәйкестігі тұрғысынан және оларды жасасуға, күшіне енуіне, орындауға, өзгертуге, олардың тоқтатыла тұруына және тоқтатылуна байланысты басқа да мәселелер бойынша СІМ-мен одан әрі келісуге жатады.

Бұдан басқа, СІМ ҚР жасасатын халықаралық шарттардың түрлерін айқындайды (*Заңның 3-бабы*).

Халықаралық шарттың жобасына Әділетминінің оң қорытындысын қоса алғанда, жобаны түпкілікті келісуді растайтын мүдделі мемлекеттік органдардың хаттары (келісу материалдары) міндетті түрде қоса беріледі (*Заңның 3-бабының 2-тармағы*).

МАҢЫЗДЫ!!! Мүдделі МО келісу материалдары мен Әділетминінің заң сараптамасының нәтижелері болмаған кезде СІМ халықаралық шарттардың жобаларын қарамайды.

МО мүдделі мемлекеттік органдарынан ескертулер мен ұсыныстарды алған кезде ескертулерді жояды және (немесе) ұсыныстарды қабылдайды, одан әрі ол халықаралық шарттар жобаларының өзгертілген мәтіндерін кейіннен келісу үшін жібереді.

МО ескертулерімен және ұсыныстарымен келіспеген жағдайда мүдделі мемлекеттік органдарға оларды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемелерін ұсынады.

Егер Әділетминінің қорытындысына сәйкес халықаралық шарт ратификациялауға жататын болса, МО халықаралық шарттың түпкілікті мәтінін міндетті ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптамаға жібереді (*Заңның 4-бабы*).

Міндетті ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар ратификациялауға жататын:

Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе оларға ратификациялау жолымен қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін;

халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жүргізіледі.

Ғылыми (экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптамалардың өзге де түрлері Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттармен, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларымен реттелетін құқықтық қатынастарға қарай жүргізіледі (*Заңның 4-бабының 1-тармағы*).

Халықаралық шарттарға міндетті ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым жүргізеді (*Заңның 4-бабының 2-1-тармағы*).

Уәкілетті ұйым – «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК болып табылады³.

Халықаралық шарттың жобасын ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамасына жіберу кезінде МО-ға ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай – ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидаларын⁴ (*бұдан әрі – Қағидалар*) басшылыққа алған жөн.

Егер МО Қағидалардың 24-тармағына сәйкес ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалардың ұсынымдарымен келіспесе, оған ұсынымдарды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемелерін (*бұдан әрі – негіздемелер*) ұсыну қажет. Негіздемелер бір мезгілде уәкілетті ұйымға және Әділетминіне жіберіледі.

МАҢЫЗДЫ!!! Ғылыми сараптамалардың міндетті және өзге де түрлерін халықаралық шартқа қол қойылғанға дейін жүргізу қажет.

³ Қазақстан Республикасындағы норма шығармашылығы қызметінің кейбір мәселелері туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 149 қаулысымен бекітілген).

⁴ Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысымен бекітілген).

Сонымен қатар, ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобаларын қол қойылғанға дейін ҚР Парламенті Мәжілісінің жұмыс тобының лингвистикалық сараптамасына жіберу қажет (2013 жылғы 19 наурызда Астанада жасалған ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі, ҚР Парламенті Сенатының Аппараты, ҚР Парламенті Мәжілісінің Аппараты, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі арасындағы халықаралық шарттар заң жобаларының теңтүпнұсқалығы мен лингвистикалық сараптамасының сапасын арттыруға бағытталған шаралар жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандум).

МАҢЫЗДЫ!!! Заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес МО халықаралық шарт мәтіндерінің аудармасы (мәтіндердің теңтүпнұсқалығы) үшін жауапты болып табылады.

Халықаралық шарттың түпкілікті келісілген жобасы дипломатиялық арналар арқылы контрагентке жіберіледі.

Контрагент халықаралық шарттың жобасына елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда ол мүдделі мемлекеттік органдармен олардың құзыреті шегінде (халықаралық шарттың жобасын бұрын келіскен МО-лар, не жаңа мәселелер пайда болған жағдайда қаралатын мәселелер бойынша өз құзыреті шеңберінде өзге де (басқа да МО-лар)) қайта келісуге жатады.

Халықаралық шартқа қол қойылғанға дейін ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар жүргізу міндетті, оларды контрагентпен келісілген халықаралық шарт жобасының түпкілікті мәтініне өткізу ұсынылады.

Халықаралық шарт жобасының мәтінін контрагентімен түпкілікті келісу кезінде МО халықаралық шарт жобасына қол қою туралы тиісті нормативтік құқықтық актіні (ҚР Үкіметі қаулысының жобасы, ҚР Президенті Жарлығының жобасы, МО басшысы бұйрығының жобасы) әзірлеуге кіріседі.

3-тарау. Халықаралық шарттарға қол қою тілдері

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы № 10/2 қаулысына сәйкес бұл конституциялық норма мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдерінің қандай да бір мән-жайларға қарамастан тең дәрежеде, бірдей қолданылатындығы бойынша біржақты ұғынылады.

Заңның 7-бабында Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады деп көзделген.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында халықаралық шарттың мәтінін мемлекеттік тілге де, орыс тіліне де аудару қажеттігі нақты айқындалған.

Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы ұсыныстарда, бұдан басқа:

жасасу тәсілдеріне қарай қазақ және орыс тілдеріндегі, сондай-ақ басқа да жасасу тілдеріндегі халықаралық шарттардың жобалары;

халықаралық шарттардың жасалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органы ресми куәландырған олардың қазақ және орыс тілдеріне, егер олар жасалу тілі болып табылмаған жағдайда, аудармалары қамтылуы тиіс.

Заңның 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының қазақ және орыс тілдерінде тең түпнұсқа мәтіні болмаған жағдайда; олардың қол қойылған тілдегі тең түпнұсқа мәтіндерінің бірі, сондай-ақ халықаралық шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы жарияланады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі регламентінің⁵ (бұдан әрі – *Регламент*) 41-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату мәселелері бойынша Үкімет қаулысының жобаларына халықаралық шарттың келісілген жобасы оны жасасқан тілдерде, оның ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде қоса беріледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары қандай тілдерде жасалғанына немесе жасалатынына қарамастан, мемлекетішілік келісу және мемлекетішілік рәсімдер (қол қою, сондай-ақ бекіту немесе ратификациялау алдындағы келісу) жүргізу, сондай-ақ кейіннен жариялау үшін міндетті түрде мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылуы тиіс.

Осыған байланысты, жасалатын халықаралық шарттардың мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мақсатында оларды мемлекеттік форматта да, контрагенттермен де келісу кезеңінен бастап екі тілде де халықаралық шарттарға қол қою практикасын жалғастыру орынды болып табылады.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармалардың халықаралық шарттардың теңтүпнұсқалы мәтіндерінің біріне сәйкестігін әзірлеуші мемлекеттік орган қамтамасыз етеді (*Регламенттің 41-тармағы*).

4-тарау. Халықаралық шартқа қол қою туралы қаулы мен Жарлықтың жобаларын әзірлеу

МО Заңға, ҚР Үкіметінің Регламентіне және Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын дайындау және іске асыру, актілерімен және тапсырмаларымен жұмыс істеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, нормативтік құқықтық жарлықтарға мониторинг жүргізу

⁵ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысы.

қағидаларына⁶ (бұдан әрі – Президент актілерімен жұмыс істеу қағидалары) сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен келісу үшін МО-ның бірінші басшысының (не ол уәкілеттік берген лауазымды адамның) және МО-ның заң қызметі басшысының (не тиісті бұйрықты қоса бере отырып, оның міндетін атқаратын адамның) ЭЦҚ қолданылып куәландырылған тиісті қаулы жобасын немесе «Жарлық жобасы туралы» қаулы жобасын (бұдан әрі – тиісінше – жобалар) Нормативтік құқықтық актілер жобаларын келісудің ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЖКАЖ) электрондық құжаттар нысанында орналастырады.

Кеңсеге енгізу алдында жобалар:

- 1) Конституцияға, заңнамалық актілерге, Президенттің, Үкіметтің және Премьер-Министрдің актілеріне сәйкестігі тұрғысынан заңдық сараптама жүргізуге жауапты Әділет министрлігімен;
- 2) Қаржы министрлігімен;
- 3) Ұлттық экономика министрлігімен⁷;
- 4) Сыртқы істер министрлігімен келісілуге тиіс.

Мүдделі мемлекеттік органдарға жіберілетін жоба және оған қосылатын құжаттар топтамасы Регламенттің 40, 41, 48-баптарына сәйкес болулары тиіс. Мүдделі мемлекеттік органдарға ЖКАЖ арқылы келісуге енгізілетін барлық жобалар Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленетінін атап өтеміз⁸ (бұдан әрі – Заңға тәуелді актілерді әзірлеу қағидалары).

Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде оларды техникалық ресімдеу жөніндегі Жадынаманы назарға алу қажет⁹.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша сараптама кеңесі мүшелерінің сараптама қорытындысын алу міндетті (Заңның 4-1-бабы).

МО сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда, сараптамалық қорытындыны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы қорытындыны берген сараптама кеңесінің мүшесіне және ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына келіспеу себептерінің негіздемесі бар жауап жібереді. Мұндай жауап қаулы қабылданғанға дейін оның жобасына міндетті қосымша болып табылады (Заңға тәуелді актілерді әзірлеу қағидаларының 14-тармағы).

Бұдан басқа, МО жобаға түсіндірме жазбада сараптамалық қорытындымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесін келтіруге тиіс (Регламенттің 48-тармағы).

⁶ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығы.

⁷ «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысының 40-тармағы.

⁸ Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулысымен бекітілген).

⁹ 2022 жылғы 27 қаңтардағы Премьер-Министр Кеңесінің № Б-37 тапсырмасы

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 20-бабының талаптарына сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қаулы жобалары бойынша қоғамдық кеңестің ұсынымдары қажет *(Заңға тәуелді актілерді әзірлеу қағидаларының 13-тармағы)*.

Жобалар ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылуға жататын жағдайда, қаулы жобасына ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша Үкімет қаулысының жобасын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есепті қоса беру қажет¹⁰.

Сондай-ақ халықаралық шарт жобасы бойынша қаржылық шығындарға және оның қаржылық қамтамасыз етілуіне, оның ішінде қаржыландыру көзіне назар аудару, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімін алу қажет¹¹.

Ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобалары бойынша халықаралық шарт жобасына қол қойылғанға дейін өткізілген ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптамалардың, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісінің жұмыс тобының сараптамасының нәтижелерін қоса беру қажет *(2013 жылғы 19 наурызда Астанада жасалған ҚР Премьер-Министрінің Кеңесі, ҚР Парламенті Сенатының Аппараты, ҚР Парламенті Мәжілісінің Аппараты, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі арасындағы халықаралық шарттар заң жобаларының теңтүпнұсқалығы мен лингвистикалық сараптамасының сапасын арттыруға бағытталған шаралар жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандум)*.

Жобаны және оған құжаттар топтамасын қарау қорытындысы бойынша келісуші мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, ЖКАЖ-да жауап нұсқаларының бірін таңдауға тиіс:

- 1) ескертулерсіз келісілді;
- 2) қоса берілетін ескертулермен келісілді;
- 3) келісуден бас тартылды. Бұл ретте келісуші мемлекеттік орган келісуден бас тартуды дәлелді уәждеп, келісуден бас тарту туралы белгі жасайды. Жобаны ескертумен келіскен кезде келісуші мемлекеттік орган ЖКАЖ-ға ескертулер бойынша дәлелді негіздемелерді енгізеді *(Регламенттің 44-тармағы)*.

Мүдделі мемлекеттік органдардың барлық келісімдерін алғаннан кейін жоба ҚР Премьер-Министрінің Кеңесіне *(бұдан әрі – ПМК)* енгізіледі. ПМК-ға енгізілетін заң жобаларының материалдары да Регламенттің 84-тармағының талаптарына, ал жарлықтардың жобалары Президент актілерімен жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша:

¹⁰ Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 849 бұйрығымен бекітілген).

¹¹ 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 5-бабын қараңыз.

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, қол қою туралы ұсыныстар;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне – Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, қол қою туралы, сондай-ақ халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстар береді.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары өз құзыретіндегі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей – Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан, оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының атынан қол қою туралы ұсыныстар береді *(Заңның 5-бабы) (халықаралық шарттарға қол қою туралы қаулылар мен жарлықтар жобаларының қойылым бөліктерінің мысалдарын осы әдістемелік ұсынымдарға қосымшадан қараңыз).*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 4-бөлігіне сәйкес барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады.

Халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілерді жасасуға өкілеттікті СІМ растайды *(Заңның 8-10-бабы).*

Жобалар қабылданып, халықаралық шарттың талаптарына сәйкес халықаралық шартқа қол қойылғаннан кейін оның күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдер жүргізу қажет.

5-тарау. Халықаралық шарттарды уақытша қолдану

Халықаралық шарттар немесе олардың жекелеген ережелері олардың күшіне енуіне дейін, егер бұл халықаралық шарттардың өзінде көзделген болса немесе келіссөздерге қатысушы тараптар уағдаластыққа қол жеткізген болса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылады *(Заңның 18-бабы).*

Егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе немесе халықаралық шарттарға қатысушы тараптар өзгеше туралы келіспесе, халықаралық шартты немесе оның бір бөлігін уақытша қолдану Қазақстан Республикасының оған қатысушы болмау ниеті туралы халықаралық шартты уақытша қолданатын басқа тараптарға жолданған хабарламасы бойынша тоқтатылады.

Егер халықаралық шартқа қол қойылғаннан кейін ол күшіне енгенге дейін ҚР-ның халықаралық шартқа қатысуы орынсыз екені анықталса, халықаралық құқықпен көзделген ҚР-дан оның объектісі мен мақсатынан айыратын іс-әрекеттерден бас тарту міндеттемесін алып тастау мақсатында халықаралық шарттың басқа қатысушыларына және (немесе) оның

депозитарийіне ҚР-ның халықаралық шартқа қатыспау ниеті туралы хабарлама жіберіледі.

Қазақстан Республикасының халықаралық шартқа қатысушы болмау ниеті туралы хабарлама жіберу туралы шешімді Президентке немесе Үкіметке оған қол қою туралы ұсыныс енгізген мемлекеттік органның ұсынуы бойынша халықаралық шартқа қол қою туралы шешімді кім қабылдағанына байланысты Президент немесе Үкімет қабылдайды.

Егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе немесе халықаралық шартқа қатысушылар өзгеше келіспесе, халықаралық шартты уақытша қолданатын басқа Тараптардың ҚР-ның оған қатысушы болмау ниеті туралы хабарламасы бойынша халықаралық шартты немесе оның бір бөлігін уақытша қолдану тоқтатылады.

6-тарау. Халықаралық шарттардың күшіне енуі

Халықаралық шарт халықаралық шарттың өзінде көрсетілген талаптар бойынша *(әдетте, қол қойылған күнінен бастап не оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдер: бекіту, ратификациялау, қосылу және т.б. жүргізілген жағдайда)* немесе ҚР қолданыстағы заңнамасы талаптарының орындалуын ескере отырып, халықаралық шартқа қатысушылардың келісуі бойынша күшіне енеді.

ҚР және ҚР Үкіметінің атынан шет мемлекеттермен немесе халықаралық ұйымдармен жасалатын халықаралық шарттар мемлекетішілік рәсімдер жүргізілгеннен кейін күшіне енеді¹².

ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін МО, сондай-ақ ҚР орталық атқарушы органдары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес халықаралық шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізеді.

ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін ҚР мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ҚР орталық атқарушы органдарының атынан шетелдік мемлекеттік органдармен өз құзыреті шегінде жасалатын халықаралық шарттар қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

МАҢЫЗДЫ!!! МО халықаралық шарт мәтіндерінің аударылуына (мәтіндердің теңтүпнұсқалығы), мемлекетішілік рәсімдердің уақытылы орындалуына, сондай-ақ халықаралық шарттың адал және тиімді іске асырылуына жауапты болады.

Күшіне енген, сондай-ақ уақытша қолданылатын ҚР халықаралық шарттары СІМ-нің ұсынуы бойынша «ҚР-ның халықаралық шарттары бюллетені» жинағында, «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде және СІМ-нің интернет-ресурсында жарияланады.

¹² мемлекетішілік рәсімдер – халықаралық шартты Қазақстан Республикасы Парламентінің ратификациялауы, Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі немесе қабылдауы (Заңның 1-бабы).

ҚР Парламенті ратификациялаған, күшіне енген ҚР халықаралық шарттары СІМ-нің ұсынуы бойынша ҚР Парламентінің ресми басылымдарында жариялануға тиіс.

Халықаралық шартты ратификациялау туралы заңның, халықаралық шартты бекіту, қабылдау, халықаралық шартқа қосылу туралы Президенттің немесе Үкіметтің шешімінің негізінде ҚР СІМ контрагент мемлекетке немесе депозитарийге әзірлеуші органның арнайы өтінішінсіз тиісті хабарлама жібереді.

7-тарау. Халықаралық шарттардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді жүргізу

7.1. Ратификациялау

МО «Халықаралық шартты ратификациялау туралы» ҚР Заңының жобасы туралы» (*бұдан әрі – ратификациялау туралы Заң жобасы*) ҚР қаулысының жобасын әзірлейді. Халықаралық шартты ратификациялау туралы заңдарды ҚР Конституциясының 62-бабына сәйкес ҚР Парламенті қабылдайды.

Мүдделі мемлекеттік органдарға ЖКАЖ арқылы келісу үшін жіберілетін ратификациялау туралы заң жобалары ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына (*осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз*), сондай-ақ Регламентінің 4-тарауының «Заң жобаларын Кеңсеге енгізу» 3-параграфына сәйкес келуі тиіс.

ҚР Парламентіне тиісті жобаларды енгізу, онда жобалардың өту және қабылдау рәсімі Регламенттің 4-тарауының 5 және 7-параграфтарымен, ҚР Парламенті Мәжілісінің Регламентімен¹³ және ҚР Парламенті Сенатының Регламентімен¹⁴ (*бұдан әрі, тиісінше, Мәжіліс, Сенат регламенттері*) реттеледі.

7.2. Бекіту

Ратификациялауға жатпайтын мемлекетшілік рәсімдерді жүргізуді көздейтін халықаралық шарттар бекітуге не қабылдауға жатады (Заңның 15-бабы).

1) ҚР атынан атынан қол қойылғандарын - ҚР Президенті (ҚР Президентінің тиісті актісі арқылы);

Тиісті жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келісу үшін ЖКАЖ-ға енгізген кезде ол ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына (*осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз*), сондай-ақ Президент актілерімен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес келуі тиіс.

¹³ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті (Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен қабылданған).

¹⁴ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті (Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 1996 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен қабылданған).

ҚР Президенті актілерінің жобаларын дайындау, келісу және қол қоюға ұсыну тәртібі Президент актілерімен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Президентінің актілерін жариялау «ҚР Президенті туралы» ҚР Конституциялық заңына, «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына және Заңға *(бұдан әрі, тиісінше, Президент туралы және құқықтық актілер туралы заңдар)* сәйкес жүзеге асырылады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойылғандары – Қазақстан Республикасының Үкіметі (ҚР Үкіметінің актілері арқылы).

Мүдделі мемлекеттік органдармен келісу үшін тиісті жобаны ЖКАЖ-ға енгізу кезінде ол ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс *(осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз)*.

Үкімет актілерін жариялау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі *(осы Әдістемелік ұсынымдардың 11-тарауын қараңыз)*.

7.3. Халықаралық шарттарға қосылу

ҚР-дың халықаралық шарттарға қосылуы туралы шешім қабылданады:

1) қосылу Қазақстан Республикасының атынан немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жататын халықаралық шарттарға қатысты, ратификациялау туралы заң қабылдау арқылы - Қазақстан Республикасының Парламенті (Заңның 17-бабы);

НҚА жобаларын ЖКАЖ арқылы келісуге жібергенге дейін халықаралық шартқа қатысты Заңның 2-1, 2-2 және 3, 4-баптарында көзделген рәсімдер жүргізілуге тиіс.

ЖКАЖ арқылы мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жіберілетін НҚА жобалары ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына *(осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз)*, сондай-ақ Президент актілерімен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес болуы тиіс.

«Ратификациялау туралы Заңдардың жобалары туралы» қаулылардың жобалары да регламентінің 4-тарауының «Заң жобаларын Кеңсеге енгізу» 3-параграфының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Халықаралық шарттардың тиісті жобаларын ҚР Парламентінде енгізу, өту және қабылдау рәсімі тиісінше Мәжілістің 4-тарауының 5 және 7-параграфтарымен, Мәжіліс пен Сенаттың регламенттерімен регламенттеледі.

2) қосылу Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті (Заңның 17-бабы);

НҚА жобаларын халықаралық шартқа қатысты ЖКАЖ арқылы келісуге жібергенге дейін Заңның 2-1, 2-2 және 3-баптарында көзделген рәсімдер жүргізілуге тиіс.

Мүдделі мемлекеттік органдармен келісу үшін НҚА-ның тиісті жобасын ЖКАЖ-ға енгізу кезінде ол ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына *(осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз)*, сондай-ақ Президент актілерімен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес келуі тиіс.

ҚР Президенті актілерінің жобаларын дайындау, келісу және қол қоюға ұсыну тәртібі Президент актілерін дайындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Президентінің актілерін жариялау Заңға, «Президент туралы» және «Құқықтық актілер туралы» Заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

3) қосылу Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан жүзеге асырылатын, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Мүдделі мемлекеттік органдармен келісу үшін НҚА-ның тиісті жобасын ЖКАЖ-ға енгізген кезде ол ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс *(осы Әдістемелік ұсынымдардың 4-тарауын қараңыз)*.

8-тарау. Көпжақты халықаралық шарттарға ескертпелер

Көпжақты халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау немесе оларға қосылу кезінде халықаралық шарттардың талаптарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес ескертпелер жасалуы мүмкін *(Заңның 19-бабы)*.

Ескертпе мәтіні халықаралық шартқа қол қою туралы және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындау туралы НҚА-ға енгізіледі.

9-тарау. Халықаралық шарттардың қолданысын тоқтату

ҚР халықаралық шарттарының қолданысын тоқтату халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес немесе барлық қатысушылардың келісімімен кез келген уақытта, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын орындауды ескере отырып, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады *(Заңның 28-бабы)*.

Сонымен бірге, халықаралық шарттың қолданылуын тоқтату біржақты тәртіппен (әріптес мемлекетке немесе депозитарийге тиісті хабарлама жіберу жолымен) жүзеге асырылуы мүмкін.

ҚР жасасқан халықаралық шарттан тиісінше ресімделген бас тартуы және ҚР халықаралық шартының қолданылуын тоқтату тәсілдерінің бірі күшін жою деп аталады *(Заңның 1-бабы)*.

10-тарау. ҚР халықаралық шарттарының орындалуы (Заңның 3-тарауымен реттеледі)

ҚР МО өз құзыреті шегінде халықаралық шарттардан туындайтын ҚР міндеттемелерінің орындалуын және құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықаралық шарттардың басқа қатысушыларының өз міндеттемелерін орындауын бақылайды.

ҚР халықаралық шарттарының орындалуын жалпы бақылауды және бақылауды СІМ жүзеге асырады *(Заңның 20-бабы)*.

11-тарау. ҚР халықаралық шарттарын жариялау, тіркеу, есепке алу және сақтау (Заңның 4-тарауымен реттеледі)

СІМ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жариялау, тіркеу, есепке алу және сақтау бөлігінде жауапты мемлекеттік орган болып табылады.

Мәселен, қол қойылған күннен бастап екі апта мерзімде мемлекетаралық және үкіметаралық халықаралық шарттардың түпнұсқалары, сондай-ақ ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттардың куәландырылған көшірмелері СІМ-ге сақтауға тапсырылады.

Олар Қазақстан тарапынан да, контрагент (контрагенттер) тарапынан да халықаралық шартқа қол қойған тұлғалардың тегі мен лауазымдары көрсетілетін ілеспе хатпен СІМ-ге жіберіледі.

Халықаралық шарттың мәтінімен бір мезгілде СІМ-ге контрагенттен (контрагенттерден) алынған, оның тарапынан халықаралық шартқа қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар өкілеттіктерінің түпнұсқалары және халықаралық шартқа қатысты басқа да құжаттар (ратификациялау грамоталары, қосылу туралы грамоталар, түзетулер енгізу туралы ноталар алмасу және т. б.) жіберіледі, сондай-ақ бірінші басшының қолы қойылған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама қоса беріледі.

ҚР халықаралық шартын құжаттармен (ноталармен, хаттармен және т.б.) алмасу жолымен жасасқан кезде СІМ-ге халықаралық шарт жасасқан тарап құжатының түпнұсқасы және қазақстандық құжаттың көшірмесі тапсырылады.

Сонымен қатар, ҚР МО атынан жасалған ҚР халықаралық шарттарының түпнұсқалары ҚР тиісті МО мұрағаттарында сақталады.

II бөлім. Халықаралық шарттың мәтінін әзірлеу бойынша ұсынымдар

1-тарау. Халықаралық шарттардың түрлері

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шет мемлекеттермен және (немесе) халықаралық ұйымдармен олардың атынан жасалады:

Қазақстан Республикасы (мемлекетаралық); әдетте, халықаралық шарттардың бұл түрі халықаралық қатынастардың аса маңызды аспектілері бойынша жасалады не Үкіметтің құрамына кірмейтін мемлекеттік органдардың құзыретін қозғайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі (үкіметаралық); әдетте, бұл халықаралық шарттар, оларды іске асыру Үкіметтің құрамына кіретін бірнеше орталық мемлекеттік органдардың құзыретін қозғайды.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары (ведомствоаралық) – бір орталық мемлекеттік органның құзыреті шегінен аспайтын халықаралық шарттар.

Қазақстан Республикасының шарттық практикасында «диагональдық» шарттар жасасуға (мысалы, бір жағынан мемлекет және екінші жағынан үкімет атынан) жол берілмейді.

Егер халықаралық шартпен реттелетін мәселелер Қазақстан Республикасында Үкіметтің құзыретіне жататын болса, ал әріптес мемлекетте оның Үкіметінің құзыретінен тыс шығатын болса, әлде кересінше болса, халықаралық шарт мемлекетаралық деңгейде жасалуға тиіс.

Егер халықаралық шартпен реттелетін мәселелер бір тараптың сол немесе өзге ведомствосының және екінші тараптың екі және одан да көп ведомстволарының құзыретіне жататын болса, халықаралық шарт, кем дегенде, үкіметаралық деңгейде жасалуға тиіс.

Халықаралық шарттың жасалу деңгейіне (мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық) қарамастан оның қатысушылары халықаралық құқық тұрғысынан мемлекеттер болып табылатындығын ескерген жөн.

Үкіметаралық халықаралық шарт немесе ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарт бойынша «Тараптарға» жүктелетін міндеттемелер олардың атынан халықаралық шарт жасалған органдардың ғана емес, тиісті мемлекеттердің міндеттемелері болып табылады.

2-тарау. Халықаралық шарттың атауы, нысаны және құрылымы

Қазақстандық шарттық практикада халықаралық шарттардың мынадай атаулары неғұрлым кең таралған: Келісім, Шарт, Хаттама, Конвенция.

Меморандум атауын (ынтымақтастық туралы Меморандум, өзара түсіністік туралы Меморандум, ниеттер туралы Меморандум) мүмкіндігінше тек қана осы жағдайда қолдану керек:

халықаралық шарт бойынша шетелдік серіктестер осыны талап етеді;

өзірлеушілердің атауына қарамастан, құжат халықаралық шарт болып табылатыны, яғни халықаралық құқықпен реттелетін құқықтар мен міндеттемелер құратыны туралы бірыңғай түсінігі бар.

Халықаралық шарт бірыңғай құжат түрінде немесе оны құрайтын құжаттармен (ноталармен, хаттармен) алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

Бірыңғай құжат түрінде жасалатын халықаралық шарттар үшін жоғарыда көрсетілген атаулар тән.

Ноталар (хаттар) алмасу нысанындағы халықаралық шарттар, әдетте, Келісімдер деп аталады.

Халықаралық шарттың жобасы, әдетте, кіріспеден, мазмұндық бөлімнен, қорытынды ережелерден және қажет болған жағдайда қосымшалардан тұрады.

3-тарау. Халықаралық шарттың атауы

Халықаралық шарттың атауы қысқаша болуға және халықаралық шарттың мәтінінде айқындалғандай, халықаралық шарттың объектісіне (нысанасына) қатаң сәйкес келуге тиіс.

Екіжақты халықаралық шарттың атауы әдетте оның тараптарын көрсетеді. Бұл ретте мемлекетаралық халықаралық шарттың атауында халықаралық шарттың *«ҚР мен (екінші Тарап мемлекетінің толық ресми атауы) арасындағы»*; үкіметаралық халықаралық шарттың атауында – *«ҚР Үкіметі мен (екінші Тарап мемлекетінің толық ресми атауы) Үкіметі арасындағы»*; ведомствоаралық халықаралық шарттың атауында – *«(МО-ның толық атауы) мен (Екінші Тарап мемлекеті ведомствосының толық атауы) арасындағы»* жасалатыны көрсетіледі.

Егер халықаралық шарттың атауына тараптар аталған басқа халықаралық шарттың атауы енгізілсе, халықаралық шарттың атауынан кейін тараптарды алып тастауға болады: *«ҚР Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ... туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама»* («ҚР Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ... туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ҚР Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама» емес).

4-тарау. Халықаралық шарттың кіріспесі

Кіріспе жасау кезінде, егер оны халықаралық шартқа енгізу көзделсе, халықаралық шарт жасасу кезінде Тараптар басшылыққа алатын себептерді (мақсаттарды) кіріспеден қысқаша бекітудің орындылығын негізге алған жөн. Екіжақты халықаралық шартта кіріспенің көлемі үш-төрт ережеден аспағаны жөн. Көпжақты халықаралық шартта кіріспе көрсетілген көлемнен асуы мүмкін.

Халықаралық шарттың кіріспесіне халықаралық шартта міндеттемелер мен пайдаланылатын терминдердің анықтамалары енгізілмеуі керек.

Ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттың кіріспесінде мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына (БҰҰ Жарғысының қағидаттары және т.б.) сілтеме жасалмаған жөн.

Кіріспенің басталуы келесідей тұжырымдалады.

Екіжақты халықаралық шарт жағдайында:

мемлекетаралық халықаралық шарт үшін – *«ҚР мен (екінші Тарап мемлекетінің толық ресми атауы)»;*

үкіметаралық халықаралық шарт үшін – *«ҚР Үкіметі мен (екінші Тарап мемлекетінің толық ресми атауы) Үкіметі»;*

ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарт үшін – *«(ҚР МО толық атауы) мен (екінші Тарап мемлекеті ведомствосының толық атауы)».*

Содан кейін екі жақты халықаралық шарттардың кіріспесінде – *«бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын»;* келісімдердің мәтінінде – *«бұдан әрі Тараптар деп аталатын»* көрсетілуі мүмкін.

Көпжақты халықаралық шарт жағдайында кіріспе мына сөздермен басталады:

«Уағдаласушы Тараптар» немесе «Тараптар».

Көпжақты халықаралық шарттың кіріспесінде қатысушылардың атауларын атау ұсынылмайды.

Көпжақты кіріспеде, сондай-ақ екіжақты халықаралық шарттардың кіріспесінде халықаралық шартқа қол қоюға уәкілетті адамдардың тегі мен лауазымын көрсетпеу керек. Сондай-ақ *«Үкіметтер атынан осы Шартқа қатысушы мемлекеттер...»* немесе *«Осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің үкіметтері...»* сияқты тұжырымдамалардан аулақ болу ұсынылады.

Кіріспеде, сондай-ақ халықаралық шарттың мәтініне құжаттарға сілтемелер енгізілген кезде мұндай құжаттардың атаулары оларға қол қойылған (қабылданған) күні көрсетіле отырып, қысқартуларсыз толық келтіріледі. Олар тиісті құжаттардың атауларымен толық сәйкес келуі тиіс.

ҚР үшін күшіне енбеген халықаралық шарттарға, сондай-ақ оның міндетті деп танылмайтын құжаттарға сілтемелерге жол берілмейді.

Кіріспенің қорытынды ережесі былайша тұжырымдалады:

шарт жобасында – *«... төмендегілер туралы уағдаласты»;*

келісімнің, Хаттаманың және т.б. жобасында – *«... төмендегілер туралы келісті».*

5-тарау. Тараптардың атауларын халықаралық шартта қолдану

Халықаралық шарттың мәтінінде тараптардың толық атауын қолданбау, тиісінше *«Қазақстан Тарапы»* (екі сөз бас әріппен) анықтамасын және екінші Тараптың (мысалы, «Бангладеш Тарапы») не *«Уағдаласушы Тараптар»* (екі сөз бас әріппен) немесе *«Тараптар»* қысқаша анықтамасын пайдалану ұсынылады.

Егер халықаралық шарттың мәтінінде мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттеріне сілтемелер болса, онда мемлекеттік органдар халықаралық шартта алғаш рет аталған кезде олардың толық атауларын берген жөн. Бұдан әрі мәтін бойынша *«Тараптың құзыретті (уәкілетті) органдары»* немесе *«Тараптардың құзыретті (уәкілетті) органдары»* анықтамаларын пайдалануға болады.

6-тарау. Халықаралық шарттың негізгі мәтіні

Халықаралық шартта мәтінді баптарға бөлуді пайдалану ұсынылады. Мәтіннің көлемі елеулі емес болғанда (бірнеше абзац) не халықаралық шарт нота немесе хат алмасу арқылы жасалғанда халықаралық шарттың мәтінін тармақтарға (баптарды көрсетпей) бөлуге болады.

Бап халықаралық шарттың негізгі құрылымдық элементі болып табылады және аяқталған құқықтық ережені қамтиды. Қажет болғанда бап тармақтарға, тармақшаларға, абзацтарға бөлінеді. Өз кезегінде тармақтар – тармақшаларға немесе абзацтарға, ал тармақшалар абзацтарға бөлінеді.

Баптардың олардың мазмұнын айқындайтын атаулары болуы мүмкін. Әдетте тармақтардың атаулары болмайды.

Егер халықаралық шарттың мәтіні баптардан тұратын болса, ал баптар өз кезегінде тармақтарға бөлінсе, тармақтар рет-ретімен емес, баптың шеңберінде нөмірленеді. Тармақшалар тармақтар құрамында бөлінеді.

Түрлі тілдердегі халықаралық шарттың мәтіндерінде тармақтардың (тармақшалардың) әріптік белгілерін қолданғанда бір және сол бір әліпбинің (мысалы, латын әліпбиінің) әріптері қолданылуы тиіс.

Әдетте көлемді және өзінің құрылуы бойынша күрделі халықаралық шарттың мәтіні атауы болуы мүмкін бөлімдерге мен тарауларға бөлінеді.

7-тарау. Терминдердің анықтамасы

Халықаралық шартта қолданылатын негізгі терминдердің анықтамасын оның халықаралық шарттың жалпы ережелерінің бөлігі ретінде орналастырылған жеке бабына енгізу ұсынылады.

Үкіметаралық және ведомствоаралық халықаралық шарттардың мәтіндерінде «заңнама», «аумақ», «азаматтар» және т. б. терминдері тиісінше «Тараптар мемлекеттерінің заңнамасы», «Тарап мемлекетінің заңнамасы» (не «Тараптардың ұлттық заңнамасы», «Тараптың ұлттық заңнамасы»), «Тараптар мемлекеттерінің аумағы», «Тарап мемлекетінің аумағы», «Тараптар мемлекеттерінің азаматтары», «Тарап мемлекетінің азаматтары» және т. б. деген сөз тіркестерінде қолданылуы тиіс.

Мемлекетаралық халықаралық шарттарда «Тараптардың заңнамасы», «Тараптың заңнамасы», «Тараптардың аумағы», «Тараптың аумағы», «Тараптардың азаматтары», «Тараптың азаматтары» деген тұжырымдар қолданылады. Бұл ретте «заңнама» термині жекеше түрде ғана қолданылады.

Халықаралық шарттың негізгі мәтінінде тараптардың тілектері немесе ниеттері жазылмауы тиіс.

Халықаралық шарттың ережелері міндеттемелер ретінде тұжырымдалуы тиіс: тараптардың құқықтары мен міндеттерін сипаттау кезінде осы шақтың ашық райдағы етістіктер пайдаланылады, мысалы «Қазақстан Тарапы Ресей Тарапына ... береді», «Тараптар ... адамдарды өткізуді жүзеге асырады...» және т. б.

